



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 49 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2013 ЖЫЛҒЫ 28 ЖЕЛТОҚСАН

*5000 теңгелік және 10000 теңгелік банкноттардың
қатар айналыста болу кезеңін ұзарту туралы*

Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы 2013 жылғы 25 желтоқсанда 2006 жылғы үлгідегі және 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттардың және 2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы үлгідегі номиналы 10000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін **2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін** ұзарту туралы шешім қабылдады.

2006 жылғы үлгідегі және 2011 жылғы үлгідегі 5000 теңгелік банкноттар және 2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы үлгідегі 10000 теңгелік банкноттар қатар айналыста болу кезеңінде заңды төлем құралы болып табылады, екінші деңгейдегі банктер ешбір шектеусіз береді және қабылдайды, ақша төлемдері мен аударымдарының барлық түрлерінде қабылдануға міндетті.

Номиналы 5000 теңгелік және 10000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңі аяқталғаннан кейін:

- екінші деңгейдегі банктер жаңа және ескі үлгілердегі ақша белгілерінің қатар айналыста болу кезеңі аяқталған күннен бастап 12 ай ішінде заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін (2006 жылғы 5000 теңгелік) қабылдайды және айырбастайды. Ал 12 ай өткеннен кейін банктер ескі үлгідегі банкноттарды тек оларды одан әрі Ұлттық Банктің филиалдарына сараптамаға беру үшін ғана қабылдайды;

- Ұлттық Банктің филиалдары 3 жыл ішінде ескі үлгідегі банкноттарды қабылдайды және қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастайды.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «2006 жылғы үлгідегі және 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 213 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 284 қаулысы 2006 жылғы үлгідегі және 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін **2011 жылғы 30 желтоқсан – 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығында** белгілейді.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы үлгідегі номиналы 10000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 107 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 285 қаулысы 2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы

үлгідегі номиналы 10000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін **2012 жылғы 10 сәуір – 2015 жылғы 31 желтоқсан** аралығында белгілейді.